

мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

6. Осы баптың 5-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда, республикалық діни бірлестік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуға немесе таратылуға жатады.

7. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, тіркеуден бас тарту осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) мерзіміне дінтану сараптамасын жүргізу және діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтар тізімінің осы Заңның талаптарына сәйкестігін тексеру үшін үзіліс жасалады.

9. Тіркеуші орган мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзіміне үзіліс жасау туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға дінтану сараптамасын жүргізу және діни бірлестіктер құруға бастамашы азаматтар тізімдерін тексеруді ұйымдастыру үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін жібереді.

10. Ұсынылған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексерудің, жүргізілген дінтану сараптамасының, діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтардың тізімін тексерудің нәтижелері бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу туралы немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады» [2, 10-11 бб].

Діни бостандық туралы елімізде қабылданған жаңа заң қазіргі кезеңде Қазақстанда орын алып отырған діни ахуалды терең байыптай отыра, қабылданған заң болып табылады. Бұл заңның негізгі мақсаты елімізде діни экстремизмді өршітпей шынайы, зайырлы мемлекеттілікті одан әрі дамыта түсуге ықпал ету.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 136 б.

2. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Юрист, 2011. – 16 б.

\*\*\*

In this article is analysed place and role of new law on religious associations in Republic Kazakhstan.

\*\*\*

*Г.М. Байсаринова*

## **ЗАҢДЫ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Құқық бұзушылық – қоғамның, мемлекет пен жеке адамның мүдделеріне зиян келтіретін субъектінің кінәлі, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекеті. Кез келген құқық бұзушылық дегеніміз заң жүктеген міндетті орындамау, адамдардың іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі. Енді құқық бұзушылықтың белгілерін қарастырайық. Заң әдебиеттерінде құқық бұзушылықтың бес белгілері бар деп анықталады.

- Қоғамға, тұлғаға, мемлекетке қауіптілігі.
- Қоғамға, тұлғаға, мемлекетке зиян келтірілуі.
- Құқыққа қарсылығы.
- Құқық бұзушылықтың кінәлілігі.
- Әрекет немесе әрекетсіздік [1].

Құқық бұзушылық екі түрге бөлінеді – қылмыс және теріс қылық. Теріс қылықтың үш түрі бар – әкімшілік теріс қылық, азаматтық теріс қылық, тәртіптік теріс қылық.

Заңды жауапкершілік мемлекеттік мәжбүрлеумен байланысты. Бірақ заңды жауапкершілікті тек мемлекеттік жауапкершілікпен теңестіруге болмайды. Заңды жауапкершілік құқықтық қатынас ретінде оның бір тарапты құқық бұзушы белгілі бір айыруларға, жазаларға төзуге міндетті. Жауапкершілік – мәжбүрлеудің өзі емес, ол құқықтық нормалардың санкцияларына сәйкес төзу міндеті болып табылады. Яғни, құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану заңды жауапкершілікті жүзеге асыру болып табылады [2].

Заңды жауапкершілік принциптерінің түрлері –

*заңдылық* (жауаптылық тек заң негізінде, заңда көзделген әрекет үшін және заң шегінде ғана болуы мүмкін);

*әділеттік* (теріс қылық үшін қылмыстық жазалауға жол берілмеушілік; жауаптылықты анықтайтын немесе оны күшейтетін заңның кері күші болмауға тиіс; зиян өтелуге тиіс; істелген әрекеттік ауырлық жазасы мен кінә дәрежесінің мөлшері; бір құқық бұзушылық үшін бір ғана жаза қолданылуы мүмкін);

*ізгілік* (адамның қадір-қасиетін кемітетін жазалау шараларын, азаптауды белгілеу мен қолдануға тыйым салу);

*негізділік* (істің мән-жайын жан-жақты зерттеу және адам жасаған нақты құқық бұзушылық фактісін объективті ақиқат ретінде анықтау);

*орындылық* (таңдап алынатын ықпал ету шараларының заңды жауапкершілік мақсаттарына сәйкестігі, оны дараландыру және саралау, кінәні ауырлататын мән-жайларды да, жұмсататын мән-жайларды да есепке алу);

*заңды жауапкершіліктің болмай қоймайтындығы* (оның сөзсіз болатындығы, құқық бұзушылықты сапалы түрде және толық ашу, мемлекеттің кінәлілерге міндетті түрде көңіл аударуы, қылмыскерлікке қарсы күрес тиімділігінің шарты) принциптеріне негізделеді.

Кешірім жасау немесе рақымшылық ету актілері жауаптылықтан босатпайды, бірақ жазаны ауыстыруы немесе жоюы мүмкін.

Мемлекет өз азаматтарынан конституцияда көрсетілген белгілі бір әлеуметтік талаптарды қатаң орындауды талап етеді, оны орындамаған ретте азаматтарға заңда көрсетілген негізде моральдық немесе құқықтық жауапкершілік жүктеледі. Құқықтық жауапкершіліктің ішіндегі ең қатал түрі қылмыстық жауаптылық болып саналады. Қылмыстық жауаптылық мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді. Адам қылмыстық жауаптылыққа істелген іс-әрекеттердің қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстың құрамы болған жағдайда ғана тартылады. Мысалы: тонау, ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, бұзақылық, т.б. Мұның өзінде қылмыстық жауаптылық оның іс-әрекеті нақты қылмыс құрамын түзейтін қылмыстық құқықтық нормалар кінәлі түрде ғана бұзғанда жүзеге асырылады.

Яғни, қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқықтық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі болып табылады. Қылмыс істелмесе қылмыстық жауаптылық та болмайды. Қылмыстық заң бойынша жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық тек қана қылмыс істеу арқылы келтірілген зиянның көлеміне, қылмыстың жасау тәсіліне, кінәнің нысанына, қылмыскердің тұлғасының ерекшеліктерін еске ала отырып жүзеге асырылады [3].

Қылмыстық жауаптылық өзіне тән ерекшелігімен оқшауланған құқылық жауапкершіліктің бір түрі болып табылады. Қылмыстық жауаптылық – өзінің нысаны, мазмұны жағынан мемлекеттік мәні бар жауаптылықтың түрі. Өйткені, мемлекет кез келген қылмысқа тиісінше баға бере отырып, оны істеген адамға мемлекет тарапынан заңда көрсетілген күшпен орындалуға тиісті шараларды қолдануды жүзеге асырады. Яғни, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнының өзі сол субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді.

Қылмыстық жауаптылықтың мазмұны (теріс қылыққа моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет, қоғам тарапынан қылмыстың бетін басу) және заңдылық (қылмыс істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары). Бұлар қылмыстық жауаптылықтың маңызды, мәнді екі бөлігі болып табылады. Сонымен, *қылмыстық жауаптылық* деп – қылмыс заңы бойынша қылмыс деп белгіленген нақты іс-әрекетті істеген адамды мемлекет атынан оның тиісті органдары арқылы мінеушілігін (айыптаушылығын) айтамыз. Қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқықтық қатынас мәсілімен тығыз байланысты. Бұл байланыс екі жақты көрініс арқылы белгіленеді. Біріншіден, қылмыстық құқықтық қатынас қылмыстық жауаптылық сияқты істелген қылмыстың құқықтың зардабы.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылықтың негізі болып қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті істеу болып табылады. Яғни, бұл дегеніміз қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тек қана қылмыс істегенде, яғни, қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қасақана немесе абайсыздықпен істегенде айыпты адамға ғана тағайындалатынын көрсетеді. Демек, қылмыстық жауаптылық негізі іс-әрекетте қылмыс құрамының болуы болып табылады [4].

Яғни, нақты қылмыс жасалмаса қылмыстық жауаптылық та, қылмыстық құқықтық қатынас та жоқ. Екіншіден, нақты қылмыс жасалған уақыттан бастап қылмыстық жауаптылық, ал мұнымен бірге

бір мезетте істелген қылмыстың салдарынан қылмыстық құбылыс, яғни қылмыстық құқықтық қатынас пайда болады. Бұл жерде істелген қылмыс заңдылық факт болып табылады. Тараптардың арасында қылмыстың субъектісімен (қылмыс жасалған адаммен) мемлекеттің атынан өкілділік алған органдардың арасында тиісінше құқылық қатынастар пайда болады. Қылмыстық-құқықтық қатынас бір жағынан мемлекет атынан әділ соттылықты жүзеге асыратын анықтама, тергеу, прокуратура, сот органдарымен, екінші жағынан қылмыс істеген субъектінің (қылмыскердің) арасындағы қатынас болып табылады. Бұл қатынастар материалдық мазмұнға ие болады.

Олар істеген қылмыстың фактісіне қатысты: істелген қылмыстың құрамы қандай, кінәнің нысаны, дәрежесі, қылмыскердің тұлғасы, біткен немесе бітпеген қылмыс па? Мұндай қылмысқа қатысу немесе қылмысқа жанасушылық болды ма және т.б. Сондай-ақ жазаны тағайындау немесе жазаны өзгерту шарттары, жазадан босату сияқты мәселелерге байланысты болады. Қылмыстық құқықтық қатынас іс жүргізу құқықтық қатынастармен тығыз байланысты. Өйткені, қылмыстық құқылық қатынас қылмыс істеу фактісіне байланысты болады. Істелген қылмыс бойынша оны қозғау, тергеу, сотта қарау мәселелері қылмыстық іс жүргізу құқылық қатынастар арқылы дамып, жүзеге асырылады. Бұл қатынастар субъектімен (қылмыс істеген адам) мемлекеттің оның уәкілдігін жүзеге асыратын органдар арасында іске асырылады. Қылмыстық құқықтық қатынастар субъектілері заң бойынша айрықша құқықтар мен міндеттерге ие болады. Қылмыскер қылмыстық құқықтық қатынастың объектісі болып табылады. Мемлекет қылмыскерді жазалай отырып, басқаларды қылмыс істеуден сақтандырады және сотталған адамды түзеу мақсатын жүзеге асырады. Мемлекеттің осы функциясын атқару кезінде қылмыскер де мемлекетке өз көзқарасын білдіретін қатынастың субъектісі ретінде көрінеді. Мұндай жағдайда мемлекет осындай қатынастың объектісі болып қалады. Яғни, субъект және объект салыстырмалы түсініктер, сондықтан да олар сөз жоқ өзара орын ауыстырулары мүмкін. Қылмыстық құқықтық қатынастың пайда болуын қылмыстық жауаптылықтың жүзеге асырылуы деп түсінуге болмайды [4].

Тек соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана қылмыстық жауаптылық жүзеге асырылады. Сот айыптайтынды кінәлі деп тани отырып, қылмыскер мен мемлекет арасында кінәлінің қылмыс жасаған уақытынан бастап қылмыстық-құқықтық қатынастың орын алғандығын бекітеді. Қылмыстық құқықтық қатынас мемлекеттің жаза жөніндегі құқығы мен қылмыскердің тиісінше қылмыстың жауаптылығын көтеру міндеттілігімен ғана шектеліп қоймайды. Қылмыскер тиісті өкімет органының күштеу арқылы ықпал ететін объектісі ғана емес, белгілі бір құқықтардың субъектісі де. Өйткені, жазалау шаралары оған оның жасаған қылмысының табиғатына, осы қылмысқа заңда белгіленген жазаға, яғни санкцияға, Қылмыстық кодекстің Жалпы бөліміндегі жаза тағайындау туралы ережелерге сай жүзеге асырылады.

Сондықтан да қылмыстық құқықтық қатынас мемлекеттің қылмыскер жөніндегі құқығын белгілеп қана қоймайды, сонымен бірге әділ соттылықты жүзеге асыру да заңдылықтың кепілі ретінде көрінеді. Адамның қылмыстық жауаптылығы оған сот тағайындаған жазаны өтеумен жүзеге асырылады. Яғни, оның жүзеге асырылуы жаза өтеліп болған соң жойылады. Бірақ та қылмыстық жауаптылық барлық уақытта да жазаны өтеу ретінде жүзеге асырылмайды. Мысалы, қылмыс жасаған адам анықталмайды делік. Мұндай ретте қылмыстық құқықтық қатынас (қылмыс істеген адам мен мемлекет арасындағы) жүзеге аспайды. Бұған мысал ретінде латентті қылмыстарды қосуға болады. Қылмыс жасаған кінәлі адам, егер де ол ауыр қылмыс жасаумен байланысты болса, қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тартылады. Бірақ та қолданылып жүрген қылмыстық жазаға сәйкес барлық уақытта да қылмыс жасаған адамға жаза тағайындалуы міндетті ретте емес. Мысалы: Қылмыстық кодекстің 68-бабының 1-2 бөліктерінде: «Қылмыс белгілері бар әрекет жасаған адамды, егер сот істі қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін [5].

Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамды, егер ол адамның одан кейінгі мүлтіксіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтындығы белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін делінген. Осы бапта қылмыстық жауаптылықтан босату негізі көрсетілген. Ал Қылмыстық кодекстің 74-бабының 1-бөлігінде: «Кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған адамды, егер жазаны өтеу өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталған адам немесе оның отбасы үшін оның жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот жазадан босатудың негізі ғана көрсетілген.

Сонымен қылмыстық жауаптылық өзінің сипатына қарай жаза тағайындалмайтын және жаза тағайындалатын болып екіге бөлінеді. Жаза тағайындалмайтын қылмыстық жауаптылық айыптаушылық фактісімен аяқталады. Ал жаза тағайындалатын қылмыстық жауаптылықта

айыптаушылықпен бірге жазалану фактісі де бар. Осыған байланысты қылмыстық жауаптылық бұл жазаға қарағанда жеке, ауқымы кең, қылмыстық-құқықтық түсінік екендігін оның жазасыз-ақ қолданылатындығын және орындалатынын көреміз. Қылмыстық жауаптылықсыз жаза тағайындау мүмкін емес. Сонымен, қылмыстық жауаптылық және жаза өзара тығыз, бір-біріне ұқсас емес ұғымдар екендігін аңғарамыз.

Қылмыстық жауаптылықтың негізін дұрыс анықтау құқық қолдану органдары қызметінің заңдылықты қатаң сақтауының кепілі болып табылады. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылықтың негізі болып қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті істеу болып табылады (ҚР ҚК 3-бап). Яғни, бұл деген қылмыстық жауапқа және жазаға тек қана қылмыс істегенге, яғни қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қасақана немесе абайсыздықтан істегенге айыпты адамға ғана тағайындалатынын көрсетеді. Демек, қылмыстық жауаптылық негізі іс-әрекетте қылмыс құрамының болуы болып табылады. Қылмыстық заң қылмыс құрамы деген терминнің мазмұнын ашып көрсетпейді. Бұл мәселе қылмыстық құқық теориясында ғана ашып көрсетіледі. Адамның (қылмыс субъектінің) қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді (қылмыстың объективтік жағы) кінәлі түрде қасақана немесе абайсыздықпен істеуі (қылмыстың субъективтік жағы) қылмыс құрамының белгілері болып табылады. Қылмыстың объектісі болып табылатын қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы Қылмыстық кодекстің 2-бабында көрсетілген. Сонымен, қылмыстық жауаптылықтың негізі болып немесе қылмыс құрамы болатын білдік. Іс-әрекетінде қылмыс құрамының ең кем дегенде бір белгісі жоқ болса ол адамда қылмыстық жауаптылыққа тартатын негізі жоқ [6].

Заңды жауаптылықтың ішіндегі ең қатал түрі қылмыстық жауаптылық болып саналады. Қылмыстық жауаптылық мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатарымен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді. Адам қылмыстық жауаптылыққа істеген іс-әрекеттерінде қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстың құрамы болған жағдайда ғана тартылады. Қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқықтық норманы бұзудың, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі болып табылады. Қылмыстық жауаптылық – өзінің нысаны, мазмұны жағынан мемлекеттік күштеу мәні бар жауаптылықтың түрі. Яғни, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнының өзі сол субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді. Қылмыстық жауаптылықтың маңызды екі бөлігі болады: қылмыстық жауаптылықтың мазмұны (теріс қылыққа моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет, қоғам тарапынан қылмысын бетіне басу) және заңдылық (қылмыс істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары).

Жалпы айтқанда, қылмыстық жауаптылық өзінің сипатына қарай жаза тағайындалмайтын және жаза тағайындалатын болып екіге бөлінеді. Жаза тағайындалмайтын қылмыстық жауаптылық айыптаушылық фактісімен аяқталады. Ал жаза тағайындалатын қылмыстық жауаптылықта айыптаушылықпен бірге жазалану фактісі де бар. Осыған байланысты қылмыстық жауаптылық бұл жазаға қарағанда жеке, ауқымы кең, қылмыстық-құқықтық түсінік екендігін оның жазасыз-ақ қолданылатындығын және орындалатынын көреміз. Қылмыстық жауаптылықсыз жаза тағайындау мүмкін емес. Яғни, қылмыстық жауаптылық және жаза өзара тығыз бір-біріне ұқсас емес ұғымдар болып табылады.

Сонымен, қылмыстық жауаптылық заңды жауаптылықтың ішіндегі ең қатал және қатал түрі болып табылады. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылықтың негізі болып қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті істеу болып табылады. Яғни, бұл дегеніміз қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тек қана қылмыс істегенде, яғни, қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қасақана немесе абайсыздықпен істегенде айыпты адамға ғана тағайындалатынын көрсетеді. Демек, қылмыстық жауаптылық негізі іс-әрекетте қылмыс құрамының болуы болып табылады. Қылмыстық жауаптылыққа қылмыстық заңнама бойынша жасы 14-ке толған жасөспірімдер тартылады. Қазіргі таңда қылмыс түрлері көбеюде, осыған орай қылмыстық жауаптылық қатандаса қылмыс саны азаяды деген сенімдемін.

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана, 2007. 331б.

2. Матузов Н., Малько А. Теория государства и права. – Москва, 2000. - 334 с.

3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: жалпы бөлім. – Алматы. Жеті жарғы, 2007. - 352 б.

4. Уголовное право: общая часть: учебник/ под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. – М.: Новый Юрист, 1997 С. 289.

5. Каиржанов. Е. Уголовная право Республики Казахстан (общая часть). – Алматы 2003. - 254 б.

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 1997 ж; соңғы өзгертулер мен толықтырулар 2011ж.

7. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне түсіндірме (жалпы және ерекше бөлімдер). - Алматы: Жеті жарғы, 2010. - 792 б.

\*\*\*

В этой статье рассмотрен вид юридической ответственности – уголовная ответственность. Уголовная ответственность – это возникающее с момента совершения преступления правовое отношение между субъектами правоотношения. В науке уголовного права считается, что основанием уголовной ответственности является, в конечном итоге, наличие в совершенном общественно опасном деянии (действии или бездействии) человека так называемого «состава преступления».

\*\*\*

The author in this article considered one of versions of legal responsibility – criminal liability. Criminal liability is legal relations arising from the moment of commission of crime between subjects of legal relationship. In a science of criminal law it is considered that the basis of criminal liability is finally existence in perfect socially dangerous act (action or inaction) the person so-called «crime structure».

*А. Айтуганов*

## **О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Проблемы правового регулирования миграционных отношений необходимо исследовать с разных аспектов, среди которых наибольшее значение имеют нормативный, институциональный, научный.

*Рассмотрим нормативный аспект.* В последнее время во многих странах Центрально-Азиатского региона распространение получает программно-целевой метод регулирования, однако он не может дать эффективных результатов в связи с хаотичностью развития миграционного законодательства. Это объясняется отсутствием четкой концептуальной основы государственной миграционной политики.

Кроме того, несмотря на то, что понятийный аппарат в модельном миграционном законодательстве более или менее определен, он требует унификации во внутреннем законодательстве стран СНГ. Определение понятий «миграция», «мигрант», «репатриация», «репатриант» на межгосударственном уровне необходимо, поскольку направлено на четкое определение предмета регулирования миграционного законодательства и выделение круга субъектов миграционных отношений, а также исключение противоречивости и проблем в применении международных и национальных нормативных правовых актов.

Совершенствование законодательного регулирования в области миграции должно идти по пути устранения коллизий правовых норм, пробелов правового регулирования, избытка отсылочных норм, вызывающих противоречия между нормативными правовыми актами разных уровней. Недостатком существующего правового регулирования сферы миграционных отношений также является закрепление излишне широких полномочий должностных лиц и органов государственной власти.

Отметим также проблему неупорядоченности нормативных правовых актов. Простой подсчет числа нормативных правовых актов, регулирующих миграционные отношения, показал, что количество таких актов достигает несколько десятков. В связи с этим полагаем, что сегодня необходимо провести предметную систематизацию и в перспективе принять специальный миграционный кодекс.

На значимость миграционной проблематики указывается в ряде докладов ООН. В них, в частности, отмечается, что общее число лиц, проживающих за пределами стран, в которых они родились, достигло почти 175 млн человек, и при этом подавляющее большинство мигрантов вносит существенный вклад в развитие принявших их стран [1, с.14]. В этом смысле важнейшими задачами, стоящими практически перед всеми странами мира в области регулирования миграционных потоков, являются минимизация стихийного развития данных процессов.

В Казахстане также идет активный поиск механизмов использования потенциала миграции в реализации различных социальных проектов. В этом поиске ключевую роль играет репатриация. Формирование эффективного механизма миграционной политики требует связывания ее целей с целями экономической, социальной, культурной, территориальной политики; сбалансированности и согласования интересов государства и гражданского общества.

С целью обеспечения устойчивого и сбалансированного роста экономики через диверсификацию и повышение ее конкурентоспособности в стране принята Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 – 2014 годы.

Основными задачами ФИИР являются: развитие приоритетных секторов экономики, обеспечивающих ее диверсификацию и рост конкурентоспособности; усиление социальной эффективности развития приоритетных секторов экономики и реализации инвестиционных проектов; создание благоприятной среды для индустриализации; формирование центров экономического роста на основе рациональной территориальной организации экономического потенциала; обеспечение